

Тереңкөл ауданы Байқоныс ауылдық округі Тілеубай ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Тереңкөл ауданы Байқоныс ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 8 қыркүйектегі № 1-11/07 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 10 қыркүйекте № 24298. Күші жойылды - Павлодар облысы Тереңкөл ауданы Байқоныс ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 1-11/11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Тереңкөл ауданы Байқоныс ауылдық округі әкімінің 23.12.2021 № 1-11/11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және Тереңкөл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 6 тамыздағы № 2-19/220 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Тереңкөл ауданы Байқоныс ауылдық округі Тілеубай ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Байқоныс ауылдық округінің әкімі

Д. Молдагельдинов